



Qazaqstan Respublikasy Zańnama jáne quqyqtyq aqparat institútynyń

JARSHYSY

gylymi-quqyqtyq jýrnal №1 (72)-2023

Құрылтайшы және баспагер:

«Қазақстан Республикасының
Заңнама және құқықтық
ақпарат институты» ШЖҚ РМК
2006 жылдан бастап шығады
Журналдың материалдары
www.zqai.kz
сайтында орналастырылған
Заң ғылымдары бойынша диссертациялардың
негізгі ғылыми нәтижелерін жариялауға
арналған басылымдар тізіліміне енгізілген
(ҚР БҒМ БҒССҚК 14.02.2022 ж.
№38 бұйрығы)

Редакциялық кеңес құрамы

Сәрпеков Р.Қ. - з.ғ.к., Қазақстанның еңбек
сіңірген қайраткері (Астана, Қазақстан) –
(төраға)
Абайділинов Е.М. – з.ғ.д. (Астана,
Қазақстан)
Абызов Р.М. – з.ғ.д. (Барнаул, Ресей)
Белых В.С. – з.ғ.д. (Екатеринбург, Ресей)
Губин Е.П. – з.ғ.д. (Мәскеу, Ресей)
Мельник Р.С. – з.ғ.д. (Астана,
Қазақстан)
Моисеев А.А. – з.ғ.д. (Мәскеу, Ресей)
Муромцев Г.И. – з.ғ.д. (Мәскеу, Ресей)
Рахметов С.М. – з.ғ.д. (Астана,
Қазақстан)
Малиновский В.А. – з.ғ.д. (Астана,
Қазақстан)
Унзила Шапақ – з.ғ.д. (Астана, Қазақстан)

Бас редактор

Дүйсенов Е.А. – з.ғ.к.

Редакциялық алқа құрамы

Азер Алиев – PhD (Киль, Германия)
Байниязова З.С. – з.ғ.к. (Саратов, Ресей)
Жанғарашев Р.М. – LL.M. (Астана,
Қазақстан)
Исмағұлов К.Е. – з.ғ.к. (Астана, Қазақстан)
Ишеев К.А. – з.ғ.д., доцент (Мәскеу, Ресей)
Қазбаева Ә.Г. – з.ғ.к. (Астана, Қазақстан)
Киязова А.Ж. – LL.M. (Астана, Қазақстан)
Құлжабаева Ж.О. – з.ғ.к. (Астана,
Қазақстан)
Мұрзашев Қ.Т. – (Астана, Қазақстан)
Нұрмағамбетов Р.Г. – PhD (Челябинск, Ресей)
Примашев Н.М. – з.ғ.к. (Астана,
Қазақстан)
Рахымбердин К.Х. – з.ғ.д. (Өскемен,
Қазақстан)
Салыкова Д.Ө. – (Астана, Қазақстан)
Тегізбекова Ж.Ч. – з.ғ.к. (Бишкек,
Қырғызстан)
Финик Д.А. – з.ғ.к. (Астана, Қазақстан)

Редактор – Қолтубаева Г.Б.
Беттеуші – Тасирова А.С.
Тел.: 8 (7172) 26-61-29

Қазақстан Республикасы Ақпарат
және коммуникациялар министрлігі
Ақпарат комитетінің
БАҚ есепке қою туралы куәлігі
№ 17761-Ж 25.06.2019 ж.
(Алғашқы есепке қою кезі
№6592-Ж. 07.09.2005 ж.)

Мекен-жайы: Қазақстан Республикасы,
010000, Астана қ., Қабанбай-батыр даңғ.,
19, С-блогы, 306-каб., тел.: 8(7172) 26-61-22
www.zqai.kz, e-mail: instzak-kz@mail.ru
institutzakonodatelstva@gmail.com

Редакция бағанасы..... 7

Мемлекет және құқық теориясы

В.М. СЫРЫХ, Б.О. АЛТЫНБАСОВ Материалистік
теория бойынша құқықтың мүмкіндіктен ақиқатқа
өту механизмі 13

Конституциялық және әкімшілік құқық

А.Б. БЕКМАҒАМБЕТОВ, А.Р. ЕНСЕБАЕВА,
А.Т. ИСМАҒҰЛОВА Қазақстан Республикасының
еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғалардан
міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы заңнамасын
жетілдірудің өзекті мәселелері 24
К.Р. БАЛАБИЕВ, А.К. ҚҰРМАНОВА Заңдылық
пен құқықтық тәртіп - ұлттық мемлекеттілікті
дамытудың заманауи маңызды құқықтық
факторлары 33

Г.А. ҚУАНАЛИЕВА, С. ӘДІЛҒАЗЫ,
М.Н. ӘБШЕВА Жаңа Қазақстанның құқықтық
жүйесіндегі Әлеуметтік кодекстің орны мен маңызы 43

Азаматтық және азаматтық-процестік құқық

А.М. НҰРМАҒАМБЕТОВ, А.О. МАКРУШИН
Жаңа Қазақстан және әділетті еңбек..... 52
С.К. ИДРЫШЕВА, Т.В. КЛИМОВА Коммерциялық
емес ұйымдар корпоративтік қатынастардың
субъектілері ретінде 60
А.А. АМАНГЕЛДІ Зияткерлік меншік саласындағы
құқықтарды беру 72
В.Т. КОНУСОВА Қазақстан Республикасының
азаматтық іс жүргізу заңнамасындағы әділеттілік
санаты..... 81

Л.Қ. ЕРКИНБАЕВА, Д.Н. БЕКЕЖАНОВ,
Б. ҚАЛЫМБЕК Экологиялық ақпарат және оның
Қазақстан Республикасының халықаралық
экологиялық-құқықтық ынтымақтастығын жүзеге
асырудағы маңызы 91

Қ. ҚОЙШЫБАЙҰЛЫ, Д.З. КОПБАЕВ,
А.Б. БИДАЙШИЕВА Блокчейн мен крипто-
валюталарды құқықтық реттеу: Қазақстан Респуб-
ликасының аумағында токендер шығарудың мәселелері
мен болашағы және олардың айналымы 98

Қылмыстық құқық және қылмыстық процесс

Р.К. СӘРПЕКОВ Судьяның, алқабилердің тәуелсіз-
дігін қамтамасыз етудің және сот қызметінің тиімділігін
арттырудың жекелеген кепілдіктері 108
А.Н. АҚПАНОВ, Л.К. КУСАЙНОВА Мүліктік
кепілгерлік дербес қылмыстық іс жүргізу бұлтартпау
шарасы ретінде 122

Е.Н. КАЛИАКПЕРОВА Қылмыстық сот ісін жүргізуде жәбірленушілерді қорғау (Қазақстан Республикасы және Ұлыбритания)	132
С.С. ҚАРЖАУБАЕВ, А.Қ. ОРАЗБЕКОВА Көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимылдың қылмыстық-құқықтық шараларын күшейту туралы мәселеге.....	140
Халықаралық құқық және салыстырмалы құқықтану	
В.Х. СЕЙТИМОВА Халықаралық процессуалды стандарттарының үйлесімділігі құқықтық жетістік немесе қол жетпес идеал (ЕАЭО сотының үлгісі негізінде).....	148
Л.Б. БОГАТЫРЕВА, Б.А. ТАЙТОРИНА, А.М. СӨТБАЕВА Ұлттық денсаулық сақтау жүйелерін халықаралық құқықтық реттеу: инфекциялық аурулар пандемиясындағы трансформация туралы дискурс	158
К.Ж. ҚУАНДЫҚОВ, М.Қ. ЖҮСІПБЕКОВА Сыртқы экономикалық мәмілелер ұғымы және оның ерекшеліктері.....	168
Р. МАРХАБА, Ж.Т. САЙРАМБАЕВА Қытай мен Қазақстан арасындағы арбитраждық механизмдерді салыстырмалы зерттеу	177
А.А. НУКУШЕВА, Г.Т. БАЙСАЛОВА, М.Т. БЕЙСЕНБАЕВА Медициналық қалдықтарды өңдеу мен кәдеге жаратуды құқықтық реттеу: Қытай тәжірибесі және оны Қазақстанда қолдану мүмкіндігі	186
ФУ ТИН, К.Ж. АЛТАЕВА Тарифтер мен сауда-саттық туралы Бас келісімнің ХХ-бабы тұрғысынан көміртегі тарифтерін құқықтық талдау	196
Құқықтық мониторинг	
К.Е. ИСМАГУЛОВ, К.А. ИСАЕВА, Ж.З. ЗИЯТОВА Қылмыстық-процестік кодексінің тиімділігінің мәселелері	205
А.Ж. КИЯЗОВА Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметін өзін-өзі реттеудің құқықтық негіздері.....	214
Мемлекеттік тілдегі заңшығармашылық практикасынан	
Г.К. АҚЫЛБЕКОВА, З.К. ЖАНГАБУЛОВА Салалық терминология және терминжасам қағидаттары	224
Жас ғалым мінбері	
Н.М. БЕРДЫБАЕВ Халықаралық университет: түсінігі, ғылыми доктринадағы даму тенденциялары және құқықтық реттеу механизмі	233
З.Н. АМАНЖОЛОВА «Төтенше жағдай» түсінігінің мәселелері.....	243
А.Р. КУМАРБЕКОВА Жаңа Қазақстан: конституциялық реформаның негізгі бағыттары	250
Э.С. ҚУАНДЫҚОВА Қазіргі тандағы ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік қолдау: құқықтық мәселелер мен перспективалар.....	258
«Жаршының» архивтегі беттері	
А.М. АЙТУАРОВА PhD М.Ж. Куликпаеваның «Цифрлық технологияларды дамыту тұрғысында жеке өмірге құқығын қамтамасыз етудің халықаралық-құқықтық негіздері» атты ғылыми жарияланымына қайта оралғанда	267
Библиография	
К.Х. РАХИМБЕРДИН Қылмыстық құқық: проблемалар және даму парадигмасы (М.Р. Гетаның «Уголовное право: пределы, объекты и средства воздействия в борьбе с преступностью в современной России» атты монографиясына рецензия. – Мәскеу: НОРМА, 2016. – 316 б.).....	276



ВЕСТНИК

Института законодательства и правовой информации Республики Казахстан

научно-правовой журнал №1 (72)-2023

Учредитель и издатель:
РГП на ПХВ «Институт законодательства
и правовой информации
Республики Казахстан»
Издаётся с 2006 года
Все материалы журнала размещаются на
сайте www.zqai.kz
Включен в перечень изданий для публикации
основных научных результатов диссертаций
по юридическим наукам
(Приказ КОКСОН МОН РК №38
от 14.02.2022 г.)

Состав Редакционного совета
Сарпеков Р.К. – к.ю.н., Заслуженный
деятель Казахстана (Астана, Казахстан) –
(председатель)
Абайдылиев Е.М. – д.ю.н. (Астана,
Казахстан)
Абызов Р.М. – д.ю.н. (Барнаул, Россия)
Белых В.С. – д.ю.н. (Екатеринбург, Россия)
Губин Е.П. – д.ю.н. (Москва, Россия)
Мельник Р.С. – д.ю.н. (Астана,
Казахстан)
Моисеев А.А. – д.ю.н. (Москва, Россия)
Муромцев Г.И. – д.ю.н. (Москва, Россия)
Рахметов С.М. – д.ю.н. (Астана, Казахстан)
Малиновский В.А. – д.ю.н. (Астана,
Казахстан)
Унзила Шапак – д.ю.н. (Астана, Казахстан)

Главный редактор
Дюсенов Е.А. – к.ю.н.

Состав Редакционной коллегии
Азер Алиев – PhD (Киль, Германия)
Байниязова З.С. – к.ю.н. (Саратов, Россия)
Джангарашев Р.М. – LL.M (Астана,
Казахстан)
Исмагулов К.Е. – к.ю.н. (Астана,
Казахстан)
Ишсков А.Ж. – д.ю.н. (Москва, Россия)
Кулжабаева А.Г. – к.ю.н. (Астана,
Казахстан)
Князова А.Ж. – LL.M (Астана, Казахстан)
Кулжабаева Ж.О. – к.ю.н. (Астана,
Казахстан)
Мурзаев К.Т. – (Астана, Казахстан)
Нурмагамбетов Р.Г. – PhD (Челябинск,
Россия)
Примашев Н.М. – к.ю.н. (Астана,
Казахстан)
Рахимбердин К.Х. – д.ю.н. (Усть-Каменогорск,
Казахстан)
Салыкова Д.О. – (Астана, Казахстан)
Тегизбекова Ж.Ч. – к.ю.н. (Бишкек,
Кыргызстан)
Финк Д.А. – к.ю.н. (Астана, Казахстан)

Редактор – **Колтубаева Г.Б.**
Верстка – **Тасирова А.С.**
Тел.: 8 (7172) 26-61-29

Свидетельство о постановке
на учет СМИ № 17761-Ж
от 25.06.2019 г. Комитета информации
Министерства информации и коммуникаций
Республики Казахстан (Первичная постановка
на учет №6592-Ж. 07.09.2005 г.)

Адрес: Республика Казахстан, 010000,
г. Астана, пр. Кабанбай батыра, 19,
блок С, каб. 306, тел.: 8(7172)26-61-22
www.zqai.kz, E-mail: instzak-kz@mail.ru
institutzakonodatelstva@gmail.com

Колонка редакции	9
Теория государства и права В.М. СЫРЫХ, Б.О. АЛТЫНБАСОВ Материалисти- ческая теория права о механизме перевода права из возможности в действительность	13
Конституционное и административное право А.Б. БЕКМАГАМБЕТОВ, А.Р. ЕНСЕБАЕВА, А.Т. ИСМАГУЛОВА Актуальные вопросы совершенствования законодательства Республики Казахстан об обязательном социальном страховании от несчастных случаев, связанных с трудовой деятельностью	24
К.Р. БАЛАБИЕВ, А.К. КУРМАНОВА Законность и правопорядок - важнейшие правовые факторы развития национальной государственности в условиях современности	33
Г.А. КУАНАЛИЕВА, С. АДИЛГАЗЫ, М.Н. АБИШЕВА Место и значение Социального кодекса в правовой системе нового Казахстана.....	43
Гражданское и гражданско-процессуальное право А.М. НУРМАГАМБЕТОВ, А.О. МАКРУШИН Новый Казахстан и справедливый труд	52
С.К. ИДРЫШЕВА, Т.В. КЛИМОВА Некоммер- ческие организации как субъекты корпоративных отношений	60
А.А. АМАНГЕЛЬДЫ Оборотоспособность прав в сфере интеллектуальной собственности.....	72
В.Т. КОНУСОВА Категория справедливости в гражданском процессуальном законодательстве Республики Казахстан	81
Л.К. ЕРКИНБАЕВА, Д.Н. БЕКЕЖАНОВ, Б. КАЛЫМБЕК Экологическая информация и ее значение в осуществлении международного эколого- правового сотрудничества Республики Казахстан.....	91
Қ. ҚОЙШЫБАЙҰЛЫ, Д.З. КОПБАЕВ, А.Б. БИДАЙШИЕВА Правовое регулирование блокчейн и криптовалют: проблемы и перспективы выпуска токенов и их оборот на территории Республики Казахстан	98
Уголовное право и уголовный процесс Р.К. САРПЕКОВ Отдельные гарантии обеспечения независимости судьи, присяжных заседателей и повышения эффективности судебной деятельности	108
А.Н. АХПАНОВ, Л.К. КУСАИНОВА Имущественное поручительство как самостоятельная мера уголовно- процессуального пресечения	122

Е.Н. КАЛИАКПЕРОВА Защита потерпевших в уголовном судопроизводстве (Республика Казахстан и Великобритания).....	132
С.С. КАРЖАУБАЕВ, А.К. ОРАЗБЕКОВА К вопросу об усилении уголовно-правовых мер противодействия теневой экономике.....	140
Международное право и сравнительное правоведение	
В.Х. СЕЙТИМОВА Гармонизация международных процессуальных стандартов: идея правовых достижений или недостижимый идеал (на примере суда ЕАЭС).....	148
Л.Б. БОГАТЫРЕВА, Б.А. ТАЙТОРИНА, А.М. САТПАЕВА Международно-правовое регулирование национальных систем здравоохранения: дискурс трансформации в условиях пандемии инфекционных болезней	158
К.Ж. КУАНДЫКОВ, М.К. ЖУСУПБЕКОВА Понятие и особенности внешнеэкономических сделок	168
Р. МАРХАБА, Ж.Т. САЙРАМБАЕВА Сравнительное исследование арбитражных механизмов между Китаем и Казахстаном.....	177
А.А. НУКУШЕВА, Г.Т. БАЙСАЛОВА, М.Т. БЕЙСЕНБАЕВА Правовое регулирование обращения и утилизации медицинских отходов: опыт Китая и возможности его применения в Казахстане	186
ФУ ТИН, К.Ж. АЛТАЕВА Правовой анализ углеродных тарифов с точки зрения статьи XX Генерального соглашения по тарифам и торговле.....	196
Правовой мониторинг	
К.Е. ИСМАГУЛОВ, К.А. ИСАЕВА, Ж.З. ЗИЯТОВА Проблемы эффективности Уголовно-процессуального кодекса	205
А.Ж. КИЯЗОВА Правовые основы саморегулирования оценочной деятельности в Республике Казахстан	214
Из практики законотворчества на государственном языке	
Г.К. АКЫЛБЕКОВА, З.К. ЖАНГАБУЛОВА Отраслевая терминология и принципы терминообразования.....	224
Трибуна молодого ученого	
Н.М. БЕРДЫБАЕВ Международный университет: понятие, тенденции развития в научной доктрине и механизме правового регулирования	233
З.Н. АМАНЖОЛОВА Проблемы понятия «чрезвычайное положение».....	243
А.Р. КУМАРБЕКОВА Новый Казахстан: основные направления конституционной реформы	250
Э.С. КУАНДЫКОВА Государственная поддержка в сфере сельского хозяйства в современных условиях: правовые проблемы и перспективы	258
Архивные страницы «Вестника»	
А.М. АЙТУАРОВА Возвращаясь к научной публикации PhD М.Ж. Куликпаевой «Международно-правовые основы обеспечения права на частную жизнь в контексте развития цифровых технологий»	267
Библиография	
РАХИМБЕРДИН К.Х. Уголовное право: проблемы и парадигма развития (Рецензия на монографию М.Р. Гета «Уголовное право: пределы, объекты и средства воздействия в борьбе с преступностью в современной России». – Москва: НОРМА, 2016. – 316 с.).....	276



Bulletin of Institute of Legislation and Legal Information of the Republic of Kazakhstan

JARSHYSY

scientific and legal journal №1 (72)-2023

Founder and publisher:
RSE on the REM «Institute of Legislation and Legal information of the Republic of Kazakhstan»
Published since 2006
All journal materials are placed on the website
www.zqai.kz
Included in the list of publications of basic scientific results of dissertations on legal sciences (Order CCES MES RK №38 from 14.02.2022)

Editorial Council members

Sarpekov R.K. – c.j.s., Honored Worker of Kazakhstan (Astana, Kazakhstan) – (Chairman)
Abayeldinov E.M. – d.j.s. (Astana, Kazakhstan)
Abyzov R.M. – d.j.s. (Barnaul, Russian)
Belih V.S. – d.j.s. (Ekaterinburg, Russian)
Gubin E.P. – d.j.s. (Moscow, Russian)
Melnik R.S. – d.j.s. (Astana, Kazakhstan)
Moiseev A.A. – d.j.s. (Moscow, Russian)
Muromcev G.I. – d.j.s. (Moscow, Russian)
Rahmetov S.M. – d.j.s. (Astana, Kazakhstan)
Malinovskiy V.A. – d.j.s. (Astana, Kazakhstan)
Unzila Shapak – d.j.s. (Astana, Kazakhstan)

Chief Editor

Dyussenov Ye.A. – c.j.s.

Editorial Board members

Azer Aliyev – PhD (Kiel, Germany)
Bainiyazova Z.S. – c.j.s. (Saratov, Russian)
Dzhangarashev R.M. – LLM (Astana, Kazakhstan)
Ismagulov K.Y. – c.j.s. (Astana, Kazakhstan)
Ishekov K.A. – d.j.s. (Moscow, Russian)
Kazbayeva A.G. – c.j.s. (Astana, Kazakhstan)
Kiyazova A.Zh. – LLM (Astana, Kazakhstan)
Kulzhabayeva Zh.O. – c.j.s. (Astana, Kazakhstan)
Murzashvili K.T. – (Astana, Kazakhstan)
Nurmagambetov R.G. – PhD (Chelyabinsk, Russian)
Primashvili N.M. – c.j.s. (Astana, Kazakhstan)
Rakhimberdin K.H. – d.j.s. (Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan)
Salykova D.O. – (Astana, Kazakhstan)
Tegizbekova Zh.Ch. – c.j.s. (Bishkek, Kyrgyzstan)
Fink D.A. – c.j.s. (Astana, Kazakhstan)

Editor – **Koltubaeva G.B.**
Layout – **Tasirova A.S.**
Tel.: 8 (7172) 26-61-29

The certificate of registration of mass media №17761-G from 25.06.2019 from the Information Committee of the Ministry of Information and Communications of the Republic of Kazakhstan (Number and date of primary registration №6592-Zh.07.09.2005.)

Address: The Republic of Kazakhstan, 010000, Astana, Kabanbay-batyr ave., 19, block C, office 306, tel.: 8(7172) 26-61-22
www.zqai.kz, e-mail: instzak-kz@mail.ru
institutzakonodatelstva@gmail.com

Editorial11

Theory of State and law

V.M. SYRYKH, B.O. ALTYNBASSOV Materialistic theory of law about the mechanism of translation of law from possibility into reality..... 13

Constitutional and Administrative Law

A.B. BEKMAGAMBETOV, A.R. YENSEBAYEVA, A.T. ISMAGULOVA Current issues of improvement of the legislation of the Republic of Kazakhstan on compulsory social insurance against work-related accidents.....24

K.R. BALABIYEV, A.K. KURMANOVA The rule of law and order being the most important legal factor of the development of a national statehood in current reality33

G.A. KUINALIYEVA, S. ADILGAZY, M.N. ABISHEVA The place and significance of the Social code in the legal system of new Kazakhstan43

Civil and Civil Procedure Law

A.M. NURMAGAMBETOV, A.O. MAKRUISHIN New Kazakhstan and fair work.....52

S.K. IDRYSHEVA, T.V. KLIMOVA Non-profit organizations as subjects of corporate relations.....60

A. AMANGELDY Transferability of rights in the sphere of intellectual property72

V.T. KONUSOVA The category of fairness in the civil procedural legislation of the Republic of Kazakhstan81

L.K. YERKINBAYEVA, D.N. BEKEZHANOV, B. KALYMBEK Environmental information and its importance in the implementation of international environmental and legal cooperation of the Republic of Kazakhstan.....91

K. KOISHYBAIULY, D.Z. KOPBAYEV, A.B. BIDAYSHIYEVA Legal regulation of blockchain and cryptocurrency: challenges and prospects of token buying and their turnover in the Republic of Kazakhstan98

Criminal law and Criminal procedure

R.K. SARPEKOV Separate guarantees of ensuring the independence of judges, jurors and improving the efficiency of judicial activity108

A.N. AKHPANOV, L.K. KUSAINOVA Property surety as an independent criminal procedural measure of restraint.....122

E.N. KALIAKPEROVA Victim protection in criminal proceedings (Republic of Kazakhstan and UK).....132

S.S. KARZHAUBAYEV, A.K. ORAZBEKOVA On the issue of strengthening criminal law countermeasures shadow economy.....140

International law and Comparative law	
V.KH. SEITIMOVA Harmonization of international procedure standards: the idea of legal achievements or an unreachable ideal (by the example of the EAEU court)	148
L.B. BOGATYREVA, B.A. TAITORINA, A.M. SATPAYEVA International legal regulation of national health systems: the discourse of transformation in the conditions of the pandemic of infectious diseases	158
K.Zh. KUANDYKOV, M.K. ZHUSUPBEKOVA Concept and features of foreign economic transactions	168
R. MARHABA, ZH.T. SAIRAMBAEVA Comparative research on the arbitration mechanisms between China and Kazakhstan	177
A.A. NUKUSHEVA, G.T. BAYSALOVA, M.T. BEISENBAYEVA Legal regulation of the circulation and disposal of medical waste: China's experience and the possibility of its application in Kazakhstan	168
FU TING, K.ZH. ALTAYEVA Legal analysis of carbon tariffs – in terms of the article XX of the General tariffs and trade agreement in international trade	196
Legal monitoring	
K.E. ISMAGULOV, K.A. ISAEVA, ZH.Z. ZIYATOVA Problems of the efficiency of the Criminal procedure code	205
A.Zh. KIYAZOVA Legal bases of self-regulation of valuation activity in the Republic of Kazakhstan	214
From the lawmaking practice in the official language	
G.K. AKYLBKOVA, Z.K. ZHANGABYLOVA Industry terminology and terminology principles	224
Young researchers' tribune	
N.M. BERDYBAEV International university: concept, classification, development trends in scientific doctrine and mechanism of legal regulation	233
Z.N. AMANZHOLOVA Problems of the concept of «state of emergency»	243
A.R. KUMARBKOVA New Kazakhstan: main directions of constitutional reform	250
E.S. KUANDYKOVA State support in the field of agriculture in modern conditions: legal problems and prospects	258
The archive pages of the «Bulletin»	
A. M. AITUAROVA Returning to the scientific publication of PhD M.Zh. Kulikpaeva «International legal foundations of ensuring the right to privacy in the context of the development of digital technologies»	267
Bibliography	
RAKHIMBERDIN K.H. Criminal law: problems and paradigm of development (Review of M.R. Geta's monograph «Criminal Law: limits, objects and means of influence in the fight against crime in modern Russia». – Moscow: NORMA, 2016. – 316 p.)	276

ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН: КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ РЕФОРМАНЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

Құмарбекова Айнұр Рамазанқызы

Д.А. Қонаев атындағы Еуразия заң академиясының магистранты,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ., e-mail: a_kumarbekova@bk.ru

Аннотация. Мақала 2022 жылғы конституциялық реформа барысында Қазақстан Республикасының саяси жүйесін жаңғырту сипаттамасына арналған. Конституциялық реформаның тұжырымдамалық негіздерімен ерекшеліктері талданады. Құқықтық дамудың қазіргі кезеңіндегі конституциялық реформалардың мәні мен маңызы ашылған. Автордың пікірінше, конституциялық реформалардың сәттілігі ықтимал құқықтық тәуекелдерді ескере отырып, оларды іске асырудың барабар тетіктерін таңдауға байланысты. Осыған орай мақалада конституциялық-құқықтық даму мен реформалаудың негізгі тетіктері мен бағыттары қарастырылады.

Мақала аясында Конституция мен саяси реформалардың негізгі бағыттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу, мысалы, суперпрезиденттік модельден президенттік республика моделіне түпкілікті көшу, бірқатар билік өкілеттіктерін қайта бөлу, Парламенттің рөлі мен мәртебесін арттыру, халықтың мемлекетті басқаруға қатысуын кеңейту, сондай-ақ азаматтардың құқықтарын қорғау тетіктерін күшейту мәселелері талқыланды.

Конституцияның 6-бабында Қазақстанның негізгі байлықтарының халыққа тиесілі екені туралы норма қоғам үшін аса маңызды мәселе болды. Оны шешу үшін Конституцияда жер мен оның жер қойнауы, су, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар халыққа тиесілі деп бекітілді. Бұл мәселе соңғы бірнеше жылда халық үшін өзекті болатын.

Қазақстан үшін Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша референдум өткізу жаңа саяси тәжірибе болып табылады. Еліміз үшін Негізгі заңға енгізілген өзгерістердің маңызы зор. Конституцияға енгізілген түзетулер негізгі саяси институттардың құрылымдық өзгерістерін қамтиды.

Түйін сөздер: Конституция, конституциялық реформа, адам құқықтары, референдум, Президент, Парламент, Конституциялық Сот.

НОВЫЙ КАЗАХСТАН: ОСНОВНЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ КОНСТИТУЦИОННОЙ РЕФОРМЫ

Кумарбекова Айнур Рамазанқызы

Магистрант Евразийской юридической академии имени Д.А. Кунаева,
Республика Казахстан, г. Алматы, e-mail: a_kumarbekova@bk.ru

Аннотация. Статья посвящена характеристике модернизации политической системы Республики Казахстан в ходе конституционной реформы 2022 года. Анализируются концептуальные основы, особенности и основные направления конституционной реформы. Раскрываются сущность и значение конституционных реформ на современном этапе правового развития. По мнению автора, успешность конституционных реформ зависит от выбора адекватных механизмов реализации с учетом возможных правовых рисков. В связи с этим рассматриваются основные механизмы и направления конституционно-правового развития и реформирования.

В рамках статьи проанализированы вопросы об изменениях и дополнениях в Конституцию страны и в основные направления политических реформ, такие как окончательный

переход от суперпрезидентской модели к президентской республике, перераспределение ряда властных полномочий, усиление роли и повышения статуса парламента, расширение участия населения в управлении страной, а также усиление механизмов защиты прав граждан.

Также важным вопросом для общества являлась норма статьи 6 Конституции о закреплении народа как собственника земли и природных ресурсов Казахстана. Разъясняя данный пункт, отмечено, что согласно новым поправкам в Конституцию, земля и её недра, воды, растительный и животный мир, другие природные ресурсы будут принадлежать народу, что именно данный вопрос был болезненным для народа на протяжении последних нескольких лет.

Референдум по поправкам в Конституцию является новым политическим опытом для Казахстана. Изменение Основного закона имеет для нашей страны судьбоносное значение. Поправки в Конституцию включают в себя структурные преобразования ключевых политических институтов.

Ключевые слова: Конституция, конституционная реформа, права человека, референдум, Президент, Парламент, Конституционный Суд.

NEW KAZAKHSTAN: MAIN DIRECTIONS OF CONSTITUTIONAL REFORM

Kumarbekova Ainur Ramazanqyzy

Master student of D.A. Kunaev Eurasian Law Academy,

Republic of Kazakhstan, Almaty, e-mail: a_kumarbekova@bk.ru

Abstract. The article is devoted to the characterization of the modernization of the political system of the Republic of Kazakhstan in the course of the constitutional reform of 2022. The conceptual foundations, features and main directions of the constitutional reform are analyzed. The essence and significance of constitutional reforms at the present stage of legal development are revealed. According to the author, the success of constitutional reforms depends on the choice of adequate implementation mechanisms, taking into account possible legal risks. In this regard, the main mechanisms and directions of constitutional and legal development and reform are considered.

Within the framework of the article, the issues of changes and additions to the Constitution of the country and to the main directions of political reforms, such as the final transition from the super-presidential model to the presidential republic, the redistribution of a number of powers, strengthening the role and raising the status of parliament, expanding the participation of the population in the government of the country, and also strengthening mechanisms for protecting the rights of citizens.

Also an important issue for society was the norm of Article 6 of the Constitution on securing the people as the owner of the land and natural resources of Kazakhstan. Explaining this point, it was noted that according to the new amendments to the Constitution, the land and its subsoil, water, flora and fauna, other natural resources will belong to the people, that this particular issue has been painful for the people over the past few years.

The referendum on amendments to the Constitution is a new political experience for Kazakhstan. Changes to the Basic Law are of crucial importance for our country. The amendments to the Constitution include structural changes to key political institutions.

Keywords: Constitution, constitutional reform, human rights, referendum, President, Parliament, Constitutional Court.

Кіріспе

Қазақстан Республикасының Президенті Қ-Ж. Тоқаев 2022 жылғы 16 наурызда Қазақстан халқына Жолдауы «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» аясында елдің саяси жүйесін кешенді жаңғыртудың бағдарламасын таныстырып, елімізді түбегейлі жаңғыртуды көздейтін ауқымды реформалар ұсынды. Мемлекет басшысы «Жаңа Қазақстан» құру бастамасын көтеріп, өз сөзінде «Жаңа Қазақстан дегеніміз – егемен еліміздің болашақтағы бейнесі. Өз елінің ертеңіне сенбеген халық мықты мемлекет құра алмайды. Бұған тарихтан талай мысал келтіруге болады. Біз келешегіміз кемел боларына және жарқын болашақты өз қолымызбен жасай алатынымызға сенеміз. Әрбір азаматтың конституциялық құқығы мүлтіксіз сақталуын қамтамасыз етеміз» [1] деп атағаны белгілі.

Адам құқықтарын қамтамасыз ету үшін олардың ауқымын кеңейту және оларды қорғаудың жаңа тетіктерін енгізу оларды ең жоғары құндылық деп жариялау құқықтық мемлекеттің ең маңызды міндеті болып табылады. Мұндай ұстаным Қазақстандағы саяси режимді одан әрі демократияландыруға бағытталғанын көрсетеді.

Әдістер мен материалдар

Мақала Қазақстанда адам құқықтары мен бостандықтарының басымдығы қағидатын іске асыруға, демократиялық, құқықтық, әлеуметтік мемлекетті нығайтуға бағытталған конституциялық реформаларға арналған. Мақаланы әзірлеу барысында ғылыми зерттеудің: тарихи диалектикалық, формальды логикалық, функционалдық, формальды құқықтық, салыстырмалы құқықтық және тағы басқа да жалпы және жеке әдістері қолданылды.

Негізгі бөлім

Нәтижелер мен талқылаулар

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында қазіргі заман талабына сәйкес келетін демократиялық мемлекеттің құқықтық, саяси және экономикалық негіздерін қалады. 1995 жылы республикалық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы¹ құқықтық

мемлекет, конституциялық және ұлттық қауіпсіздікті нығайтумен қатар азаматтық қоғам институттарын қалыптастыруда мемлекеттіліктің дамуының жаңа бағыттарын айқындайтын іргелі негіз болды.

Қазіргі уақытта Қазақстанда қоғамның қажеттіліктеріне әрекет ететін тиімді құқықтық жүйе қалыптасты. Конституцияның негізінде құқықтық жүйенің негізгі элементтерін мызғымас тұрғыда бекітетін жаңа конституциялық заңдар қабылданды (басқару нысаны, билікті бөлу қағидаты, ұлттық егемендік және т.б.).

Қолданыстағы Конституция, сонымен бірге, мемлекеттіліктің іргелі негіздерін бекіте отырып, уақыт талабы мен жаһандық сын-тегеуріндерге сай мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыру және конституциялық нормалары мен қағидаттарын қоғамдық-саяси практикаға бейімдеу мақсатындағы нақты реформаларға жол ашты.

Мемлекеттік құрылыстың белгілі кезеңінде ел ішінде оңтайлы саяси қайта құруларды жүргізбей, мемлекеттің тұрақты дамуына, кең ауқымды әлеуметтік-экономикалық дамуға және қоғамда әлеуметтік әділеттілікті орнатуға қол жеткізу мүмкін еместігін айқын көрсетті [2].

Қазақстан үшін 2022 жылы еліміздің Негізгі Заңы – Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар бойынша өткізілген жалпыұлттық референдум айтулы оқиға болды. Референдум нәтижесінде Конституцияның 33 бабының нормалары бойынша 56 өзгеріс енгізілді.

Конституцияға енгізілген өзгерістерді талдау олардың мақсаты Конституцияда «суперпрезиденттік» басқару үлгісінен ықпалды Парламенті және есеп беретін Үкіметі бар президенттік республикаға түбегейлі көшу, мәслихаттардың ықпалын арттыру, Мәжіліс пен облыстық мәслихаттар депутаттарын сайлаудың аралас мажоритарлы-пропорционалды моделін енгізуге бағытталғанын көрсетеді. Оларға қоса Президенттің барлық саяси күштер мен партиялардан дербестігін бекіту, Мемлекет басшысының жақын туыстарына саяси лауазым иеленуге және квазимемлекеттік секторда басшылық қызмет атқаруға тыйым салу секілді мәселелері де қамтылған. Бұдан бөлек құқық

¹ Қазақстан Республикасының Конституциясы Конституция 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды // [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_\(01.02.2023\)](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_(01.02.2023))

қорғау саласы бойынша түбегейлі өзгерістер енгізілді. Атап айтқанда, Конституциялық Сот құрылды. Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің, яғни омбудсменнің мәртебесі Конституцияда бекітілді. Елімізде өлім жазасы мүлде жойылды.

Конституцияға енгізілген өзгерістер мен толықтырулар арасында, ең алдымен, конституциялық бақылау моделін жетілдіру мәселесі ерекше қызығушылық тудырады. Өзгерістерге сәйкес, 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап Конституциялық Сот өз қызметін бастады. Енді әрбір азамат осы органда өзінің конституциялық құқықтары мен бостандықтарын тікелей қорғай алады.

Конституциялық Соттың Конституциялық Кеңестен айырмашылығы азаматтар жаңа органға тікелей жүгіне алады. Ал Кеңесте мұндай мүмкіндік қарастырылмаған болатын. Енді Конституциялық Сот азаматтардың өтініштері бойынша олардың құқықтары мен бостандықтарын тікелей қозғайтын нормативтік құқықтық актілердің Конституцияға сәйкестігін қарайды. Сонымен қатар, Бас прокурор мен Адам құқықтары жөніндегі уәкіл де Конституциялық Сотқа жүгінуге құқылы.

Конституциялық шағым институты адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың ең маңызды құралы болып табылады, оны жүзеге асыру ғалымдардың пікірінше «қазіргі заманғы демократиялық мемлекеттің негізін құрайды» [3]. Ал, профессор Н.С. Бондарь конституциялық шағым құқығын «конституциялық құқықтар кешенінің көрінісі, оның ішінде тек сот арқылы қорғалу құқығын ғана емес, сонымен бірге мемлекет істерін басқаруға қатысу құқығы» деп санайды [4].

Конституциялық бақылау институтын реформалау және конституциялық бақылаудың сот моделіне көшуі биліктің бөліну қағидатына кепілдік береді, билік органдарының халық алдындағы жауапкершілігін арттырады, сондай-ақ азаматтарға, саяси партиялар мен қоғамдық бірлестіктерге өздерінің бұзылған құқықтарын жоғары конституциялық сатыда тікелей қорғауға мүмкіндік береді деп ойдаймыз.

Тағы бір ерекше жаңалық Конституцияның 6-бабының жаңа: «Жер және оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар халыққа тиесілі. Халық атынан меншік құқығын

мемлекет жүзеге асырады» деген редакциясы болып табылады.

Бұл норманың құндылығы табиғи ресурстардың халыққа тиесілі болуын заңды түрде бекіту, әрине, қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық процестерге үлкен әсер етеді.

Қоғамдық меншікті конституциялық тұрғыдан тану Қазақстанның болашақтағы дамуы үшін маңызды тарихи қадам болып табылады. Ол экономикалық заңнаманы тезірек жаңартуға мүмкіндік беретін тиімді модельдің негізі және оның мақсаты қазақстандық азаматтардың өмір сүру деңгейі мен әл-ауқатын арттыру болуға тиіс.

Бұл норманың орасан зор экономикалық әлеуеті бар, оны жүзеге асыру елдің экономикалық саясатын нығайтуға және тұтастай алғанда халықтың өмір сүру деңгейін әдәуір жақсартуға мүмкіндік береді. Бұдан құқықтың қалыптасқан экономикалық қатынастарды реттеп қана қоймай, мемлекеттің экономикалық саясатының жаңа векторларын біріктіріп, олардың өсуі мен одан әрі дамуын ынталандыра алатыны көрінеді.

Қазақстан Республикасының Конституциясындағы тағы бір жаңалықты атап өткен жөн. Конституцияның 43-бабы жаңа 3 және 4-тармақтармен толықтырылды. Олар бойынша: Қазақстан Республикасының Президенті өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезеңінде саяси партияда болмауға тиіс және оның жақын туыстары мемлекеттік саяси қызметшілердің, квазимемлекеттік сектор субъектілері басшыларының қызметтерін атқаруға хақысы жоқ².

Мемлекет басшыларының саяси партияларға мүше болуы жәйі бойынша шетелдік тәжірибені зерделеу нәтижесі бұл мәселеге ортақ көзқарастардың жоқтығын көрсетеді. Мысалы, АҚШ, Оңтүстік Корея, Түркия Республикасы және өзге де президенттік республикаларда мемлекет басшылары сайланғаннан кейін саяси партиядағы мүшелігін сақтап қалады.

Украина Республикасында да шектеулер жоқ, онда Президент өз өкілеттігі мерзімінде партиялылықты сақтайды. Мәселен, «Украинадағы саяси партиялар туралы» Заңының 6-бабында саяси партиялардың мүшелері кім бола алмайтыны нақты көрсетілген. Олар: судьялар, прокуратура қызметкерлері, Ішкі істер органдарының қызметкерлері, Украинаның қауіпсіздік қызметкерлері, сондай-ақ әскери қызметкерлер [5]. Бұндай та-

² Қазақстан Республикасының Конституциясы Конституция 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды // [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_\(01.02.2023\)](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_(01.02.2023))

лап біздің де заңымызда қаралған.

Франция мен Ресейде мемлекет басшылары партияда бола отырып, өздерің президенттік өкілеттіктерін жүзеге асыру мерзіміне саяси партияға мүшелігін тоқтата тұруға құқылы. Басқаша айтқанда, бұл мәселе бойынша заңдарда мемлекет басшыларының қалау және әрекет ету еркіндігі бекітілген [5].

Бұған дейін Әзірбайжанда Президентке қатысты осындай шектеу қарастырылған, ол өзінің бүкіл президенттік мерзімінде саяси партияның мүшесі болу құқығы болмаған. Қазіргі уақытта «Саяси партиялар туралы» Заңға сәйкес «Әзірбайжан Республикасының барлық соттарының төрағалары, төрағасының орынбасарлары және судьялары, Әзірбайжан Республикасының Адам құқықтары жөніндегі уәкілі (омбудсмені), әскери қызметшілер, прокуратура, әділет, ішкі істер, ұлттық қауіпсіздік, шекара қызметі, кеден, қаржы, салық органдарының қызметкерлері және т.б. тұлғалар өз өкілеттіктерінің барлық кезеңінде саяси партиялардың мүшелері бола алмайды. Басқаша айтқанда, заң Мемлекет басшысына қатысты қандай да бір императивті норманы белгілемейді [5].

Венгрия, Израиль Германия, Италия және т.б. сияқты парламенттік елдерде Президенттерді парламенттер немесе арнайы сайланған алқалар сайлайды және іс жүзінде олар саяси партиялардың мүшелері болуы керек. Алайда, сайланғаннан соң партия құрамынан шығуға немесе мүшелікті тоқтата тұруға тікелей тыйым салынбайды. Мемлекет басшыларының туыстарының жоғары лауазымдарға орналасу мәселесі бойынша жоғары саяси бәсекелестікке, бұқаралық ақпарат құралдарының саяси өмірге қатысуына және басқа да факторларға байланысты шет елдерде мұндайдың іс жүзінде мүмкін емес екенін атап өткен жөн.

Қазақстан Республикасының Президенті – мемлекеттің ең жоғары лауазымды тұлғасы. Ол адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының кепілі. Өзінің ерекше конституциялық мәртебесі мен өкілеттігіне байланысты ол елдің егемендігін, тәуелсіздігін және аумақтың мемлекеттік тұтастығын қорғау жөнінде шаралар қабылдап, мемлекеттік билік органдарының келісілген жұмыс істеуі мен өзара іс-қимылын қамтамасыз етеді, сонымен қатар мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттарын айқындайды.

Осылайша Қазақстан Республикасы

Президентінің президенттік өкілеттіктерін орындау мерзіміне саяси партияға мүшелікті тоқтату міндетін енгізу саяси партиялардың заң алдындағы теңдігін қамтамасыз етеді. Бұл норма саяси бәсекелестікті арттырып, барлық партиялардың дамуына тең жағдай жасап, жаңа саяси партиялар мен қозғалыстардың пайда болуына ықпал етіп, еліміздегі саяси ахуалға оң әсерін тигізеді сөзсіз.

Сондай-ақ, 2022 жылдың қыркүйегінде Конституцияға қосымша түзетулер енгізілді. Мемлекет басшысы Қ.-Ж. Тоқаев 2022 жылғы 1 қыркүйекте Қазақстан халқына Жолдауында [6] сайлау циклінің басталғаны туралы жариялады. Өткен жылдың 20 қарашасында Қазақстанда жаңартылған Конституцияға сәйкес кезектен тыс президент сайлауы өтті. Тұңғыш рет Мемлекет басшысы қайта сайлану құқығынсыз жеті жылдық бір мерзімге сайланды.

Бір реттік Президенттік мерзім туралы бастама суперпрезиденттік модельден түпкілікті кету бойынша жүзеге асырылған қадамдардың қисынды жалғасы болып табылады. Президенттік мерзімнің бір реттік енгізілуі осылайша президенттік республиканы институционализациялау процесін биліктің оңтайлы тепе-теңдігімен жабады.

Бұл бастаманың негізі, бір жағынан 7 жыл – кез келген ауқымды бағдарламаны жүзеге асыруға және халық алдындағы уәделерді орындауға, ел үшін ірі жобаларды жүзеге асыруға жеткілікті мерзім. Екінші жағынан, президенттік мандаттың бір мерзіммен шектелуі Мемлекет басшысының ұлттық дамудың стратегиялық міндеттерін шешуге бағытталуын қамтамасыз ете алады.

Әлемде 100 жылдан астам уақыттан бері бір реттік президенттік билік қолданылып келеді. Израильде мен Арменияда (7 жыл), Мексикада (6 жыл), Оңтүстік Кореяда (5 жыл). Мұндай бастама Францияда талқылануда. Яғни, бұл тәжірибе кең таралып қана қоймай, кеңеюге бейім.

Қайта сайлау құқығынсыз бір реттік президенттік мерзімнің енгізілуі – нағыз Әділ Қазақстанның көрінісі, еліміздің демократиялық жаңаруының игі нышаны. Жаңа саяси реформа жаңа ережелер бойынша саяси жүйені қайта іске қосуды бастайды және елдің демократиялық дамуының одан әрі кон- турын анықтайды.

Конституцияға енгізілген өзгерістер мен толықтырулардың тағы бір маңызды бағыты – Парламенттің ықпалынның артуы. Ең алдымен, Конституцияның 50-бабы 3-тармағының жаңа редакциясына сәйкес,

Мәжілісті жасақтау барысында пропорционалды және мажоритарлы әдістер қатар жүретін аралас сайлау жүйесі енгізілді. Мәжіліс депутаттарының 30 пайызы, ал, облыстар мен республикалық маңызға ие қалалардағы мәслихат депутаттарының 50 пайызы бір мандаттық округ арқылы тікелей сайланады.

Қазақстан Республикасында республикалық референдумда қабылданған 1995 жылғы Конституцияның қабылдануымен барлық деңгейде мажоритарлық сайлау жүйесі бекітілді.

2007 жылы кезекті конституциялық реформадан кейін Парламент Мәжілісін қалыптастыру кезінде Парламенттің төменгі палатасын қалыптастырудың пропорционалды жүйесіне толық көшу болды.

Биліктің өкілді органдарын қалыптастырудың мажоритарлық-пропорционалды жүйесіне қайта оралу сайлаушылардың уәждемесін, олардың қатысу белсенділігін арттырады және елдегі сайлау процестерін белсендіреді.

Сайлау жүйесі саяси қайта құруларға белгілі бір серпін беруге, заң шығару үдерісі мен мемлекеттік басқаруды жетілдіруге қабілетті екенін ескере отырып, Қазақстанның сайлау заңнамасы қоғамның қажеттіліктері мен сұраныстарын барынша қабылдай алады. Мұндай тәжірибе де әлемде бар.

Сонымен қатар, бірқатар шет елдерде аралас сайлау жүйесі қолданылып жатқаны да назар аудартады. Жапонияда Өкілдер палатасы (төменгі палата) 480 депутаттан тұрады, олардың өкілеттік мерзімі 4 жыл. 180 депутат пропорционалды жүйе бойынша, ал қалған 300-і бір мандатты округтерден сайланады.

Ресей Федерациясында «Ресей Федерациясы Федералдық Жиналысының Мемлекеттік Думасы депутаттарын сайлау туралы» Заңға³ сәйкес, Мемлекеттік Думаның депутаттарын сайлау аралас жүйе бойынша өткізіледі: Мемлекеттік Думаның 225 депутаты бір мандатты сайлау округтері бойынша сайланады (1 округ – 1 депутат), ал қалған 225 депутат федералды сайлау округі бойынша дауыс беру санына пропорционалды түрде сайланады.

Заң шығарушы орган мүшелерін сайлаудың осындай жүйесі Жаңа Зеландия, Германия, Жапония, Оңтүстік Корея, Литва, Мексика, Ұлыбритания және әлемнің басқа

елдерінде де жұмыс жасайды.

Әрине, елдердің әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері бар, бірақ тұтастай алғанда аралас сайлау жүйесі пропорционалды да, мажоритарлық жүйелердің де оң жақтарын сіңіріп, олардың кемшіліктерін теңестіруге мүмкіндік береді деп саналады.

Екі сайлау жүйесінің де артықшылықтарын ескере отырып, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісін күшейте түсетін аралас сайлау жүйесіне көшу туралы шешім дұрыс болады деп үміттенеміз.

Талданып отырған осы конституциялық реформаның негізінде 2023 жылдың 14 қаңтарында Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты депутаттарының сайлауы өткізілді. Сонымен қатар 19 наурызына жоспарланған Мәжіліс пен барлық деңгейдегі мәслихаттардың сайлауы жоспарланған сайлау циклін аяқтайды.

Парламент Мәжілісі мен мәслихаттарына алдағы кезектен тыс сайлау өткен жылғы жалпыұлттық референдумда халық қолдаған конституциялық реформалардың қисынды жалғасы болып табылмақ.

Қорытынды

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, мемлекет басшысы билік институттарының қалыптасуы мен өзара іс-қимылының және қоғамдағы саяси процестердің трансформациясының жаңа моделіне көшу ұсынысы жаңаша дамуға жол аштыдеуге болады. Конституцияға енгізілген түзетулер елдің конституциялық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, заңнаманы жетілдіруге, халықтың әл-ауқатын нығайтуға және Қазақстан азаматтарының өмір сүру деңгейін арттыруға бағытталған, атап айтқанда:

1. Конституциялық сот кез келген елдегі тежемілік және тепе-теңдік жүйесінің маңызды бөлігі бола отырып, биліктің басқа тармақтарын бақылайды, сондай-ақ олардың азаматтардың конституциялық құқықтарын бұзатын заңдарды қабылдауына жол бермейді. Мұндай соттың болуы Негізгі Заң нормаларының тиімдірек орындалуын қамтамасыз етеді.

2. Жер, жер қойнауы, өсімдіктер мен жануарлар дүниесінің байлығы, әрине, халықтыкі. Көптеген елдерде бұл ереже әртүрлі тұжырымдарда бар. Екінші жағынан, әрбір азамат жер асты қазынасын өзі басқарады деп елестету қиын - бұл тәртіпсіздік-

³ Закон «О выборах депутатов Государственной Думы Федерального собрания Российской Федерации» от 22.02.2014 № 20-ФЗ // http://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_159349/

ке әкеледі. Демек, басқару жүйесінде мемлекет бар. Мемлекет бүкіл халықтың өкілі болып табылады, өйткені президентті халық сайлайды, парламентшілерді халық сайлайды, ал үкімет президенттің ұсынысымен бекітіледі. Мемлекет Қазақстан халқының атынан жерге және оның қойнауына билік етеді.

Сонымен, Конституцияға енгізілген бұл өзгеріс елдің әрбір азаматы тікелей табыс алады дегенді білдірмейді. Дегенмен жер қойнауының, байлықтың игілігі бәріне әсер етеді. Қазақстан жерінің халыққа тиесілілігі императивті норма және бұл императивті норма және конституциялық ереженің негізгі бөлігі.

3. Президенттің билік ету мерзімі ішінде билеуші партиядағы мүшелігін тоқтату нормасы саяси бәсекелестікті арттырып, барлық партиялардың дамуына тең жағдай жасап, жаңа саяси партиялар мен қозғалыстардың пайда болуына ықпал етіп, еліміздегі саяси ахуалға оң әсерін тигізері анық.

4. Қайта сайлау құқығынсыз бір реттік президенттік мерзімнің енгізілуі, президенттік билікті жұмсартып, үкімет пен парламентке көбірек билік пен мүмкіндіктер беру жолындағы маңызды қадам сияқты. Саяси реформалар мен институционалдық қайта құрулар мемлекет пен мемлекеттік органдардың азаматтар алдындағы жауапкершілігін арттыруға, экономикалық және әлеуметтік дамуға жәрдемдесуге бағытталған.

5. Парламент Мәжілісі мен мәслихаттарда аралас сайлау жүйесіне көшуге байланысты сайлауды өткізудің бүкіл жүйесі қайта құрылды. Парламент Мәжілісі жаңа жүйе бойынша жұмыс істейтін болады, депутаттардың бір бөлігі партиялық тізімдер бойынша, бір бөлігі бір мандатты аумақтық округтер бойынша сайланатын болады. Бұл депутаттардың бір бөлігі партиялық тізімдер арқылы, бір бөлігі кандидатты халық тікелей сайлау арқылы сайланатынын білдіреді.

Сайлаудың аралас пропорционалды-мажоритарлық жүйесін енгізу туралы шешім азаматтардың құқықтарын қамтамасыз ететін, халық пен олардың сайланған өкілдері арасындағы қарым-қатынастың жаңа форматының негізін қалайтын неғұрлым үйлесімді сайлау моделін қалыптастырады.

Аталған шараларды іске асыру Қазақстандағы құқық үстемдігі мен конституционализм идеяларын одан әрі бекітудің ажырамас шарты болады, Конституциялық тәуекелдер мен қатерлерді барынша азайтады және мемлекеттегі конституциялық заңдылықты қамтамасыз етеді.

Жаңартылған Негізгі Заңымыз азаматтардың конституциялық құқықтарын қорғаудың тиімділігін нығайтып, елімізді әділетті қоғам мен тиімді мемлекет құруға, нағыз Жаңа Қазақстанға қарай одан әрі алға жетелейді деген сенім қалыптастырады.

ӘДЕБИЕТ

1. «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылғы 16 наурыздағы Қазақстан халқына Жолдауы // https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K22002022_1 (31.01.2023).
2. Сарпеков Р.К. В интересах гражданина и общества / Казахстанская правда. 2022. 26 апреля.
3. Петина М.М. Конституционная жалоба в системе средств защиты прав человека в России <https://cyberleninka.ru/article/n/konstitutsionnaya-zhaloba-v-sisteme-sredstv-zaschity-prav-cheloveka-v-rossii> (31.01.2023).
4. Бондарь Н.С. Власть и свобода на весах конституционного правосудия: защита прав человека Конституционным судом Российской Федерации / Н.С. Бондарь. – М.: Юстицинформ, 2005. – 592 с. (31.01.2023).
5. Лукпанова С. Логика реформ [Электронный ресурс] // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30107506 (31.01.2023).
6. Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаевтың 2023 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына арналған «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты жолдауы // <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-181416> (31.01.2023).

REFERENCES

1. «Jaña Qazaqstan: jañaru men jañğyru joly» Memleket bassysy Qasym-Jomart Toqaevtyñ 2022 jylğy 16 nauryzdağy Qazaqstan halqyna Joldaуy // https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K22002022_1 (31.01.2023).
2. Sarpekov R.K. V interesah grajdanina i obşestva /Kazahstanskaia pravda, 2022. 26 aprelya.
3. Petina M.M. Konstitusionnaia jaloba v sisteme sredstv zaşity prav cheloveka v Rosii <https://cyberleninka.ru/article/n/konstitutsionnaya-zhaloba-v-sisteme-sredstv-zaschity-prav-cheloveka-v-rossii> (31.01.2023).
4. Bondar N.S. Vlast i svoboda na vesah konstitusionnogo pravosudia: zaşita prav cheloveka Konstitusionnym sudom Rosiskoi Federasii / N.S. Bondär. – M.: İustiinform, 2005. – 592 s. (31.01.2023).
5. Lukpanova S. Logika reform [Elektronnyi resurs] // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30107506 (31.01.2023).
6. Memleket bassysy Q.K.Toqaevtyñ 2023 jylgy 1 qyrküiektegi Qazaqstan halqyna arnalğan «Ädilet memleket. Birtütas ült. Berekeli qoğam» atty joldaуy // <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyñ-kazakstan-halkyna-zholdaуy-181416> (31.01.2023).

